

# Педиатриядағы аңызды мәселе

ерлерді дайындау  
тарадан қолға алу ту-  
рларды естігенде  
шымызда шек болған  
л өте маңызды шешім  
Осыдан 5-6 жыл бұрын  
егі медициналық  
оқу орындарындағы  
рия факультеттерін  
тастады. Оның  
местігін тәжірибелі  
ер уақытында айту-  
йтты. Бірақ сол кез-  
ған елдердің меди-  
на еліктеу болды ма,  
білікті мамандардың,  
ал Ормантаев секілді  
дәрігерлердің де пікірі  
неді. Экономикасы  
ен дамыған озық  
медицинасы да алға  
белгілі. Олардың деңгейі  
ін жағдайымызды тең  
і ерте екендігі қаперге  
ды.

жалпы медицинаны  
ен кейін жас маман екі жыл  
урасында жүреді, одан кейін  
қыл балалар дәрігері болуға  
рада оқиды. Медицина ака-  
ды мен университеттерінде  
ы тоғыз жыл оқытса да  
мамандығы сан жағынан  
сынан да талапқа сай  
мағанын уақыт көрсетті.  
сей мемлекетінде де осын-  
е көтерілгенде дәрігерлер,  
педиатрия факультетінің  
дәлелден, оны жапқызбай  
лды. Қай мамандыққа да,  
нде дәрігер мамандығына  
жүрек қалауы болмаса,  
ғашқы қанды көргеннен  
адам анатомиясын оқи



бастағандағы қиындықтарға шы-  
дамай, кейбір жастар оқуды тастап  
кетеді. Ал медицинаның өзге саласы-  
нан педиатрияның басты ерекшелігі –  
балалармен жұмыс істеудің қиынды-  
ғында дер едім. Балалар дәрігері  
болғысы келетіндердің осы маман-  
дыққа ынта-ықыласы болуы тиіс.  
Баланы жақсы көру керек, бала де-  
генде жаны ұшып тұруы тиіс. Солай  
бүкіл жан-жүрегің салғанда ғана ол  
жақсы маман болып қалыптасады.  
Бұл мамандықтың осындай психоло-  
гиялық та жағын ескермей болмайды.  
Баламен жұмыс істеудің қиын  
екенін айттым, тағы да қайталағым  
келеді. Медицинаның қай саласында  
да ең алдымен ауруға дұрыс диагноз  
қойғанда ғана емнің нәтижесі болады.

Педиатрияның қиындығы да осында.  
Мысалы, ересек адам өзінің қалай ауы-  
раттынын айтады. Оны түрлі аппарат  
арқылы тексермей тұрып-ақ, науқас  
берген ақпараттардан қойылатын  
диагноздың кем дегенде 50 пайызын  
шамалауға болады. Ал бала айта ал-  
майды ғой? Кез келген ана да баланың  
ауруын жеткілікті сипаттап бере ал-  
май мүмкін. Жақында біздің ауруханаға  
үш жасар бала ауыр халде түсті. Ол  
тамақ ішіп болған соң жата алмай-  
ды, жүре де алмайды, төрт аяқтап  
тұрып қалатын болған. Үш жасар  
бала не айтады? Осыны ойласа кезе  
дәрігерлер баланың іш қурылысын  
тексеруді ұйғардық. Баланың ұйқы  
безіне жылауық шыққан, көлемі тым  
үлкен. Тамақ ішкенде ол асқазанмен

тәжірибесіз, ал бала төрт аяқтап  
төмен қарап тұрғанда тамақ алға  
лықсып, шамалы жеңілдегендей бо-  
лады. Операция жасап, алгі паразитті  
сылып алып тастадық. Міне, бұл пе-  
диатр болмағандықтан уақыт ұзаы  
берген, бала қиналған, диагноз тек  
облыстық балалар ауруханасында  
ғана қойылды. Ал медициналық  
жоғары оқу орындарында бұрынғы  
дәстүрмен педиатрия факультеті бо-  
са, болашақ дәрігер 6 жыл бойы тек  
бала азғасына, ауруына қатысты дәріс  
алар еді. Оның үстіне студенттер 2-3  
курстан бастап балалар ауруханала-  
рында тәжірибеден өтеді. Нашарлау  
оқытқан студенттің өзі жүрегі болса  
баланың қиналғанын, оның емделіп  
қатарға қайта қосылғанын, күлгенін  
көргенде сәбиді жақсы көріп кетеді,  
сол арқылы мамандығын да сүйетін бо-  
лады. Болашақ педиатр маман баланың  
қай аурумен қалай ауыратынын бүге-  
шігесіне дейін білгенде ғана ажалмен  
күресіп, өмірге арнаша бола алады.

Қазір жергілікті жерлерде жалпы  
тәжірибедегі дәрігер болса, бәрі түтел  
деген түсінік бар. Мен «жалпы ме-  
дицинаны оқыту» дегенге күмәнмен  
қарайтынмыды жасырмаймын. Бір  
адамның шақпадай басы бес жылды  
бүкіл медицинаны меңгеріп алады  
дегенді қалай түсінуге болады? «Екі  
кеменің басын ұстаған суға кетеді»  
деп қазақ бекер айтты ма? Менің ой-  
ымша әр нәрсенің басын шамлай, бір  
салаға маманданған дұрыс. Қазір жа-  
сыратыны жоқ, жоғары оқу орнының  
түлектері медицинаның ересектерді  
емдейтін өзге салалары тұрғанда, пе-  
диатрияны қалай бермейді. Оның ба-  
сты себебі, бұл мамандықтан өз алды-  
на отау тіклегенінде, яғни жеткілікті,  
тереңдеп оқытылмағанында болып  
отыр. Сондықтан аудан, моноқалалар  
түгел қазір облыс орталықтарындағы  
ауруханаларда, емханаларда педи-  
атр жетіспейді. Біздің облыстық  
балалар ауруханасы да солардың  
қатарында. Тәжірибелі педиатрлар  
өмірдің заңымен жасы келген соң,  
зейнеткерлік демалысқа кетіп жа-  
тыр. Емханаларда ұзыннан ұзақ ке-  
зек. Мен жыл сайын Қарағанды ме-  
дицина академиясындағы түлектер  
жәрмеңкесіне барып тұрамын.

жастармен сөйлескенде олар да осы  
мәселені айтады, педиатрияға баруға  
тайсақтай береді. Факультет қайта  
ашылмағанда біз бұл мамандықты  
жоғалтып тынар едік. Олан балалар  
зардап шегер еді.

Педиатрияның қажеттігіне тағы бір  
себепті айтайын. Қазір балалар ауруы  
жіп асқынады, бұрын ересектер ғана  
ауыратын ауру түрлері балаларда да  
кездесіп жүр. Тіпті, жиілеп барады.  
Мысалы, өтінде, өт жолында тас бар 3-4  
жастағы сәбилерге операция жасалық.  
Бала сары ауру секілді сарғайып  
кетеді. Мұны көңгі, тәжірибесі мол  
дәрігерлеріміз бұрын кездестірдік деп  
айтпайды. Тағы басқа да аурулардың  
тым жасарып, балаға ауыз салғаны ой-  
лантанды. Педиатрия мұны зерттемесе,  
педиатр мамандар мұны асқындармай  
анықтамаса, балалардың өлімі азаймай-  
ды. Бір жасқа дейінгі сәбилерді амин  
алып қала алмай жатамыз. Біздің облыс  
бойынша балалар өлімі республикалық  
көрсеткіштен төмен. Дегенмен, ол  
көңілді демемейді.

Айналырған 5-6 жылдық үзілісте  
жергілікті жерлерге педиатр маман-  
дардың жетіспейтіндігі, одан бала-  
лар денсаулығын сақтау, оны  
емдеу ісінің ақсағаны белгілі бо-  
лды. Қазір негізгі саямқал облыстық,  
Қостанай қалалық балалар ауруха-  
наларына және Рудный қаласындағы  
перинаталдық орталықтарға түседі.  
Аудандардағы, кішігірім қалалар-  
дағы ауруханалар мен емханалар  
баяғыдай көңгі педиатр мамандар-  
мен қамтамасыз етілуі тиіс. Қазақ-  
та «атамдатсаң атамдат, ботамдатпа»  
деген сөз бар. Баланың өлімі ата-  
ана, бауырлары үшін ең ауыр қайғы.  
Ауру, мүгедек бала өсіру ата-анаға  
қалай қасірет болса, оны мемлекет  
дәрежесінде ойлау тым ауыр. Ойткені,  
мемлекеттің де, ұлттың да болашағы  
– балалар. Педиатрия сол үшін керек.

**Фазыл ТЕМІРХАНОВ,**  
облыстық балалар  
ауруханасының  
бас дәрігері,  
медицина ғылымдарының  
кандидаты

**КОСТАНАЙ**